

## Қалдықтарды жинаудың, қайта өндеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану талаптарын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 761 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12669 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 688 бұйрығымен.

**Ескеरту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 09.11.2022 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 285-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қалдықтарды жинаудың, қайта өндеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілернің Этalonдық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3)

және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 761 бұйрығына қосымша

### **Қалдықтарды жинаудың, қайта өндөудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану талаптары**

1. Осы Қалдықтарды жинаудың, қайта өндөудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 285-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері оған (оларға) таралатын өнімдер (тауарлар) (бұдан әрі – өнімдер (тауарлар)) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін қалдықтарды және оның (олардың) орамаларын жинау, қайта өндөу және кәдеге жаратудың меншікті жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 285-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, осы Талаптар автомобиль көлік құралдарын өндірушілерге және импорттаушыларға қолданылмайды.

3. Қалдықтарды жинаудың, қайта өндөудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдер (тауарлар) тізбесіне сәйкес өнімді (тауарды) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың (бұдан әрі – өндіруші (импорттаушы)) міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету, өнімдердің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өндөуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Өндіруші (импорттаушы) еткізілген немесе импортталған өнімдердің (тауарлардың) тоқсандық көлемінен кемінде отыз пайзыны қәдеге жаратуды қамтамасыз етеді.

5. Қалдықтарды жинаудың, қайта өндеудің және қәдеге жаратудың меншікті жүйесі өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өндеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) қәдеге жарату бойынша меншікті инфрақұрылым объектілерін ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

6. Қалдықтарды жинаудың, қайта өндеудің және қәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолданған кезде өндіруші (импорттаушы):

1) өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін қалдықтарды қабылдауды қамтамасыз етеді.

Жинау пункттерінде қойма үй-жайлары, залалсыздандыру құралдары болуы тиіс;

2) өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін қалдықтарды одан әрі қайта өндеу, залалсыздандыру, пайдалану және қәдеге жарату үшін тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Тасымалдау кезінде қалдықтардың түрін, мөлшерін, қасиеттерін, тасымалдау мақсаты мен орнын көрсете отырып, оларды есепке алу қамтамасыз етіледі.

3) өнімдерді (тауарларды) пайдаланудан қалдықтарды қайта өндеуді және қәдеге жаратуды қамтамасыз етеді.

Шикізат ретінде пайдаланылатын қалдықтарды көмуге немесе жоюға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында олар өндірген (әкелінген) тауарлар (өнімдер) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін қалдықтарды қайта өндеу Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады.

4) тауарлар (өнімдер) тұтынушылық қасиеттерінен айырылғаннан кейін түзілетін жиналған, тасымалданған, қайта өнделген, залалсыздандырылған, пайдаланылған және қәдеге жаратылған қалдықтардың (түрі, мөлшері, қасиеттері ) тұрақты есебін жүргізуі қамтамасыз етеді.